

«ӨРЛЕУ» - ҚОСТАНАЙ ДАУЫСЫ

LIBRARY.ORLEU-EDU.KZ

Областная газета филиала АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт профессионального развития по Костанайской области»

№ 21 (№ 204) пятница,
04.11.2022

АКТУАЛЬНО



ЖАНА БЕЛЕСТЕРГЕ – ӨРЛЕУМЕН ЖӘНЕ BILIMLANDPEN БІРГЕ!



К НОВЫМ ВЫСОТАМ – ВМЕСТЕ С ӨРЛЕУ И BILIMLAND!



ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГТЕР!

Сіздерге Өрлеудің BilimLand компаниясымен бірлесіп әзірлеген «Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру», «Қашықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» және «Патриотизмді және көшбасшылық қасиеттерді жеке тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің негізі ретінде қалыптастыру» атты онлайн-курстардан өтуді ұсынамыз.

Оқуды қазақ және орыс тілдерінде өтуге болады. Онлайн форматта оқығаннан кейін, нәтижесінде сіз барлық қажетті құзыреттерді аласыз, оқу бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, Сіз Өрлеу кеңселерінде сертификаттаудан өтесіз.

Қызықтыңыз ба? Онда Bilim қосымшасын Google Play немесе App Store-ден жүктеп алыңыздар.

Сіздерге білім беру саласындағы сарапшылардың бейне-дәрістері мен білім беру аудио подкасттары қолжетімді болады.

Қосымшаны жүктеп алып, курсқа жазылыңыз және жұмыстан қол үзбей кәсіби дағдыларыңызды жетілдіріңіз.

Жаңа белестерге – Өрлеумен және Bilimlandпен бірге!

УВАЖАЕМЫЕ ПЕДАГОГИ!

Предлагаем вам пройти онлайн-курсы «Формирование профессиональной компетентности педагогов по организации учебного процесса на основе дистанционных образовательных технологий», «Дистанционное обучение: от разработки урока до организации учебного процесса», «Формирование патриотизма и лидерских качеств как основы воспитания и социализации личности», разработанные Өрлеу совместно с компанией Bilimland.

Обучение можно пройти на двух языках: казахском и русском. После обучения в формате онлайн, в результате чего вы получите все необходимые компетенции, согласно целям и содержанию программ обучения, вы проходите сертификацию в офисах Өрлеу.

Интересно? Тогда скачивайте приложение Bilim в Google Play или App Store.

Вам будут доступны обучающие видеолекции и образовательные аудиоподкасты с экспертами в области образования.

Скачивайте приложение, подписывайтесь на курс и совершенствуйте свои профессиональные навыки без отрыва от работы.

К новым высотам – вместе с Өрлеу и Bilimland!

АРАЙЛЫ АЛТЫН КҮЗ!

Қостанай қаласы,
тәрбиеші №17 бөбекжай бақшасының «Жидек»
Турсын Куанышева

Қазақтың көрнекті ақындары Сәкен Сейфуллин «Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын, жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын» десе, Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар, саудырап құлап жатыр атырапқа» деп сипаттаған алтын күз – жылдың ерекше мезгілі.



Даладағы шөптер қурап, сарғайып, ағаштар сары мен қызыл реңге боялып, нағыз алтын күздің бейнесін көрсетеді.

Міне, осындай керемет мезгілде №17 бөбекжай бақшасының «Жидек» тобында «Арайлы Алтын күз!» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Іс-шара алдында топ бүлдіршіндері түрлі жеміс-жидек, ағаш-жапырақтардан бұйымдар жасап әкелді. Атап айт-

сақ, балалар жерге түскен әртүрлі қызыл-сары жапырақтарды жапсыру арқылы «Үлкен ағаш» суреті мен ағашқа қонған үкіні, ал кәдімен қайық пен оның үстінде отырған кейіпкерлерді пиязбен бейнелеген. Шырша бүршігінен сағат, ұсақ ағаштардың көмегімен «Үйдің ауласын» құрастырған. Шемешкі дәндерін бекіту арқылы кірпі бейнесін, сондай-ақ қияр, сарымсақ, қызылша және тәтті бұрыштардан «Көкөністер» топтамысын жасаған.

Балалардың осындай жасаған жұмыстарымен қатар мерекелік шарада көрсеткен олардың ән айту, өлең оқу, би билеу өнерлері тамашаланды. Өздерінің керемет көрнекі бұйымдарымен тәнті еткен Ерназ, Дияра, Жасмин, Ерназар, Зере сынды топ бүлдіршіндері жүлделі орындарға ие болғаны үшін дипломмен, ал қалған балалар мадақтау қағаздарымен марапатталды.

Ертеңгілікте балалармен белсенді түрде бірлесе жұмыстанып, тәрбие жұмысына ат салысып, қолдау көрсетіп жүрген ата-аналарға балабақшаның әкімшілігі пен топ тәрбиешілері ризашылығын білдіріп, Алғыс хат табыстайды. Алдағы уақытта да осындай үштік



бір-бірімен ауызбіршілікте жұмыстанса, тәрбиеленушілердің алар асуы мен шығар биіктерінің көптігіне сенім білдірді. Сондықтан алтын күз деп аталатын табиғаттың түрлі-түске боялған, ең тамаша мезгілінде балалардың да шығармашылығын арттырып отырудың маңызы өте зор. Өйткені олардың даму дағдылары да жетіле түсіп, болашағына жол ашары сөзсіз!

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАКСЫ, ТАНДАЙ БІЛГЕН АДАМҒА....

Қостанай қаласы
№4 бөбекжай-балабақшасы,
тәрбиеші,
Айгерим Зейнуллина

Абай атамыз айтқандай, «Жас бала анасынан туғанда, екі мінезбен туады, біріншісі-ішсем, жесем, ұйықтасам, ойнасам» болса, ал екіншісі «білсем, көрсем, қарасам, ұғынсам, ол немене?, ол кім екен?» деген қызығушылықпен болады.



Мұның бәрін білгісі келген балаға тәрбиеші бағыт бағдар беріп, көмек көрсетіп, тексеру, нұсқау тәрбиешінің тікелей міндетті. Адам баласы өзіне

ұнайтын мамандықты таңдау және өмір бойы өзінізді қамтамамсыз ету үшін алдымен өзін танып, мұқият

зерттеу қажет. Мамандықты дұрыс таңдай отырып, өмірдің алғашқы баспалдағына қадам басады.

Тәрбиеші-балабақшаны бақша деп алып, келген бала олар үшін гүл болып саналады. Ол сол гүлді баптап, күтіп ұстау, барлық жәндіктермен құстардан қорғайтын бағбаны болып саналады. Әрқашан бағыт-бағдар, тәлем-тәрбие беретін отбасынан кейінгі екінші анасы, отбасы болып саналады.

Тәрбиешінің балаға ықпалы күнделікте, өмірде, ойындарда, оқу-са-

бақтарда, бірлескен еңбек іс-әрекетінде, қарым-қатынаста жүзеге асады.

Ол алдында отырған әр баланы мұқият зерттеп, оның өзіндік ерекшеліктерің білуге, балалардың барлығына бірдей қарауға, балалардың іс-іректерін бірдей бағалауға, қиын бағыттан шығуға, әр уақытты көмек көрсететін демеуші бола алады.

Мен тәрбиешімін, қорғаушы – БАҒ-БАНМЫН! Мен өзімнің өмірдегі алғашқы баспалдағымды дұрыс таңдай білдім.....